

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ
ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

**DISA 7204 Әлеуметтік-философиялық талдаудағы руханилық пен интеллект
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

5 ECTS

6D02201 Философия

Құрастырған: философия ғылымдарының докторы Б.М. Аташ

Философия кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
2024 жылғы «29» Тамыз, №1 хаттама

Алматы, 2024

**«Әлеуметтік-философиялық
талдаудағы руханилық пен интеллект»** пәні бойынша
оқу-әдістемелік кешен
Құрастырған: философия ғылымдарының
докторы
Б.М. Аташ
2024-2025 оқу жылы

**«ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУДАҒЫ РУХАНИЛЫҚ ПЕН ИНТЕЛЛЕКТ»
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Емтиханға ұсынылатын оқу тақырыптары мен мазмұны: Руханилық онтологиясы; Руханилық туралы философиялық ойлардың даму тарихы; Руханилық пен интеллектуалдық концептісінің логикалық-семантикалық мазмұны; Руханилық пен мораль: тарихи және әлеуметтік таным аясында; Рухани әлем объективтілігі мен адамның рухани әлемі – субъективтілігі; Қазіргі қоғамның мәдени-философиялық контексіндегі руханилық; Қазіргі заманғы мәдениет; Интеллектуалдылық туралы ойлардың эволюциясы; Интеллектуалдылық туралы ойлардың эволюциясы; Сыни, продуктивті, стандартты емес, латералды, эвристикалық, креативтілік ойлаудың әлеуметтік психологиялық астарлары мен философиялық мазмұны; Психологиялық-психикалық (бейсаналық) процестер және интеллектуализм: дағдылары мен тренингтер; Виртуальді әлемдегі интеллектуалдылық пен цифрлық интеллектуалдылық; Перфекционизмдегі интеллектуалдылық пен селф-менеджмент; Қазіргі заманғы құндылықтық бағдарлар: қайта бағалау мен тұрақтылық; Еліміздегі білім беру мен интеллектуалдық пен зиялылық келбеті.

Оқу нәтижелері: Докторант курс аяқталғаннан кейін мынадай мәселелерді меңгеруі тиіс: Интеллектуалдылық пен руханилықтың философияның негізгі категорияларына анықтама беру; Руханилық философиясының тарихи дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттау; Руханилық философиялық теориялардың негізгі ережелерін атап көрсету; Руханилық философияның негізгі мәселелерін сипаттау; Руханилық туралы пайымдаған ойшылдардың философиялық ойларын танып-білудің негізгі ғылыми және философиялық әдістерін анықтау; Арнайы әдебиеттерден алынған түсініктемелерге негізделген философиялық мәтіндердің мазмұнын ашып көрсету; Идеялардың философиялық емес формалардың философиялық мазмұнын ашу; Интеллектуалдылық туралы философиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалау; Мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның қағидаларындағы руханилық тұрғыдан салыстыру; Діни философиясының мәселелерін бағалау интеллектуалдылық философиялық талдау әдістемесін қолдану; Руханилық дүниетаным мен әр түрлі көзқарастарды толықтыру және дамыту; Өмірлік идеалдарды, құндылықтарды, нормаларды түсінуге арналған философиялық және дүниетанымдық көзқарастардың нұсқаларын сыни тұрғыдан бағалау; Өмірлік жағдайларға қатысты өз моральдық көзқарасты анықтау т.б.

Емтихан кестеде белгіленген уақытта басталады. Студент емтихан тапсыру барысында: кешікпей келу, жұмысын уақытылы тапсыру, шпаргалка қарау т.б. университетте жалпы қабылданған емтихан талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Олар бұзылған жағдайда студентке «F» бағасы қойылады.

Емтихан формасы: Қорытынды емтихан оффлайн жазбаша түрде өткізіледі. Өртүрлі жағдайларға байланысты емтихан формасы өзгерген жағдайда қосымша хабарланады.

Емтиханды бағалау: Емтихан бойынша ең толық (max) балл – 100 балл. Баға қойылу мерзімі – 48 сағат.

Қорытынды емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын тақырыптар тізімі және олардың қысқаша мазмұны

1. Тақырып. Руханилық онтологиясы. Онтология: рухани болмысы параметрлері; Мифологиядағы, теологиядағы, философиядағы руханилық мәселесі; Руханилықтың субстанционалдануы; Рухани әлем константтары мен гипотетикасы

2. Тақырып. Руханилық туралы философиялық ойлардың даму тарихы .Көне замандағы руханилық пен идея. Орта ғасырдағы руханилық туралы пайымдаулар. Қайта өрлеу дәуірі мен Жаңа заман кезеңіндегі руханилық. XX ғасырдағы руханилық алаңы

3. Тақырып. Руханилық пен интеллектуалдық концептісінің логикалық-семантикалық мазмұны. Руханилықтың концептуалды мазмұны мен логикалық-семантикалық құрылымы. Интеллектуалдық концептісінің логикалық-семантикалық мазмұны. Руханилық пен интеллектуалдылықтың абстрактілігі мен нақтылануы.

4 Тақырып.Руханилық және мораль. Моральдің онтологиясы. Этикадағы негізгі мораль туралы бағыттар мен түсініктер. Моральдің конституциясы. Моральдік келбет пен адамгершіліктің тарихи бастаулары. Моральдің этикалық, эстетикалық, синергетикалық, интуитивтік т.б. өлшемдері. Мораль идеологиясы мен аморальділік: психологиялық, философиялық, саяси-әлеуметтік тұрғыдан негізделуі.

5 Тақырып. Рухани әлем объективтілігі мен адамның рухани әлемі – субъективтілігі; Руханилық объективті – объективті идеализм негізінде. Объективтендірілген мораль және оның императивтері. Субъективтендірілген мораль: жалпы адамзаттық, ұлттық, нәсілдік, жыныстық, жас ерекшеліктік т.б. Мәдени-әлеуметтік, саяси-идеологиялық контекстіге мораль. Моральдің институциялануы. Мәдени антропологиядағы руханилық.

6.Тақырып. Қазіргі қоғамның мәдени-философиялық контексіндегі руханилық. Моральдік ресми және ресми емес институттар. Мәдени-философиялық институт. Моральдің теориялық-әдіснамалық түрде ресмиленуі. Саяси-әлеуметтік моральдік институттар: жалғандық пен шынайылық. Мораль тәрбие мен адамды қалыптастырушы құрылым мен ілім ретінде: психологиялық-педагогикалық теориялар мен тәжірибелер. Моральдік адам келбетінің қалыптасуының объективті және субъективті шарттары. Моральдің экзистенциалдық, прагматистік, персоналистік, перфекционистік бағдарлары.

7.Тақырып: Қазіргі заманғы мәдениет. Рухани құндылықтың жалпылығы, абстрактілігі, нақтылығы, концептуалдануы, императивтенуі, табулығы т.б. тұрақтылықтардың құбылуы. Модернистік мәдениет және оның қоғамдық өмірге ықпалы: классика, дәстүршілдік, логикалықпен арақатынас. Постмодернистік мәдениеттегі руханилық мәселесі. Метамодернизм заманындағы руханилық мәселесі. Заманауи рухани құндылықтардың потенциалдары.

8 Тақырып. Қазіргі заманғы ақиқат-сенім-адасу мәселелерінің жаңаша қойылу. Қазіргі заманғы ақиқаттың релятивистік тұжырымдамасындағы кибернетикалық синергетикалық және плюралистік картинаның ерекшеліктері. Ақиқаттың құндылықтық бағдарлары: стереотиптер мен жаңашылдық. Қазіргі заманғы діни сенім. Құндылықтардың қайта бағалануы. Әлеуметтік мифтердің құбылуы мен динамикасы.

9.Тақырып. Интеллектуалдылық туралы ойлардың эволюциясы.Ақыл, Сөз, Ойлаудың архаикалық және мифологиялық дәуір мәдениетіндегі көріністері. Ақыл мен күштің диалектикасы мен оның адамзат өміріндегі көріністері. Мәдени-әлеуметтік өмірдегі ақыл мен психология мен философиядағы ақыл (интеллектуалдылық) ұғымы. Логоцентризм табиғаты: постмодернистік және заманауи ойтолғам объектісі ретінде. Интеллектуализмнің құндылыққа айналуы. Интеллектуалдықты бағалау параметрлері бойынша рухани төңкерістер: ғылыми төңкерістер, индиго

феномені, жасанды интеллект т.б.

10 Тақырып. Интеллектуалдылық туралы ойлардың эволюциясы. Рационализм бағыты және оның эволюциясы. Ақылдың құндылық ретінде бағалану эволюциясы. Логоцентризм мен интеллектуалдылықтың ғылыми емес білмдердегі баламалық деңгейі. Интеллектуалдылық культі мен оның параметрлері: өлшеу мен дамыту. Интеллектуалдылықтың институционалдануы мен идеологиялануы: тұрмыстық-экзистенциалдық, саяси-әлеуметтік, прогрессивті-жаһанданушылық, ақпараттық-постадамдық қоғам аясында. Метарационалдылық пен интеллектуалдылық. Ғылымдағы интеллектуалдылық. Ғылым этикасының тиымдары. Шизофренияға басқаша көзқарас.

11 Тақырып. Сыни, продуктивті, стандартты емес, латералды, эвристикалық, креативтілік ойлаудың әлеуметтік психологиялық астарлары мен философиялық мазмұны. Рефлексия. Сыни ойлау және оның институционалдануы. Продуктивті ойлау және оның компьютерлік бағдарлануы. Стандартты емес ойлау тренингтері мен оның практикада қолданылуы. Эвристика – жаңалық ашу логикасы ретінде. Фантастикалық және мифтік ойлаудың арақатынасы мен оның жалпылама шаблондары. Креативтілік және оның қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қолданылуы: бизнес, экономика, саясат, менеджерлік, ғылым т.б.

12 Тақырып. Психологиялық-психикалық (бейсаналық) процестер және интеллектуализм: дағдылары мен тренингтер. Ақыл-ой тәрбиесінің тарихы мен философиялық мазмұны. Ақыл-ой тәрбиесінің институционалдануы. Білім берудің бастаулары. Есті, кең ойлауды, логикалықты, продуктивті ойлауды жаттықтырудың ресми тәжірибелері. Психологиядағы ақылды шынықтырудың жаттығулары. Адамзат прогресіндегі ақылдың ықпалы мен өрісі.

13 Тақырып. Виртуальді әлемдегі интеллектуалдылық пен цифрлық интеллектуалдылық. Виртуалды әлем туралы философиялық пайымдаулар. Ақпараттық қоғам туралы әлеуметтік философиялық пайымдаулар. Виртуалды әлем мен цифрлы қоғам экзистенциясы: жауапкершілік, мотивация, оптимизм. Қоғамдық өмірді және ғылымдарды цифрландыру мәселелері: қазіргі күйі мен перспективасы. Жасанды интеллектің даму бағдарлары: футурологиялық болжамдар. Жасанды интеллектідегі эмоцияның, интуицияның, сезімдіктің, мақсат қоюдың, белсенділіктің қатынаспауы.

14.Тақырып. Перфекционизмдегі интеллектуалдылық пен сельф-менеджмент.Перфекционизмнің арғы бастаулары: өзіңді өзі таны. Шығыс философиясындағы өзіне-өзі үңілу мен жетілдіру бағдарлары: тренингтер мен медитациялардың философиялық мазмұны. XX ғасырдағы перфекционизм бағыты. Адамның интеллектуалдық жағынан өзін-өзі жетілдіруі технологиялары. Зиялылық пен білімділік өлшемдері. Сельф-менеджмент арқылы өзін-өзі интеллектуалдық деңгейін жетілдіру мақсаты мен технологиялары. Рефлексия мен өзіндік сын. Перфекционизмге сыни көзқарастар. Табиғи-генетикалық қабілет пен интеллектуалдылықты қалыптастырудағы әлеуметтік факторлар.

15 Тақырып. Қазіргі заманғы құндылықтық бағдарлар: қайта бағалау мен тұрақтылық. Рухани-моральдік дағдарыстар: миф, әлде шынайылық. Моральді құқықтың алмастыру беталыстары. Діни мораль мен моральдік реттеушілік қағидаттарының қазіргі заманғы қызметтері. Құндылықтарды қайта бағалау. Ұлттық құндылықтардың келбеті. Рухани және интеллектуалдықтың даму болашағы мен перспективалары. Футурологиялық модельдер. Қазақ халқының интеллектуалдық мүмкіндіктері: тарихи жағдай мен генетикалық код. XX ғасыр басындағы интеллектуализм мен білімділік. XXI ғасыр басындағы интеллектуализм мен білімділік. Зиялылық пен жоғары білімділіктің әлеуметтанулық мәліметтері: әлеуметтік-философиялық талдау. Еліміздегі интеллектуализмді өрістетудің бағдарлары мен перспективалары. Академиялық білім беру жүйесін жетілдірудің модельдері.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Әлеуметтік-философиялық талдаудағы руханилық пен интеллект». Форма: Оффлайн, Жазбаша Платформа: Univer

№	Критерий	ДЕСКРИПТОРЛ АР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1 сұрақ	1 критерий	Емтихан сұрақтарына толық жауап беру, қойылып отырған сұрақтар бойынша жан-жақты білім көрсету, түпнұсқаларды жан-жақты қолдану	Сұрақтарға толық жауап беру, бірақ түпнұсқаларды қолдануда аздаған кемшіліктердің болуы	Емтихан сұрақтарына жауаптардың жалпылай баяндалуы, стилистикалық және грамматикалық қателіктердің болуы	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы	Қойылған сұрақтарға жауаптардың болмауы, пән бойынша білімін көрсете алмауы, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы
	2 критерий	Әрбір қорытынды мен мәлімдемені ғылыми ережелерге сүйене отырып егжей-тегжейлі дәлелдеу, логикалық	Тұжырымдамалық материалды, ғылыми ережелерді пайдалануда 3-4	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы	Жауаптарда ғылыми ережелер мен тұжырымдардың болмауы	Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың,

		түрде құрастыру және мысалдармен растау	дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдарда кішігірім қателіктерге жол беру	туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз		баяндау логикасының мүлдем болмауы
2 сұрақ	1 критерий	Сұрақтардың мазмұнын толықашу, курстың практикалық мәселелерін дұрыс талдау	Сұрақтарға жауап беруде, курстың практикалық мәселелерін талдауда аздаған қателіктердің болуы	Сұрақтардың мазмұнының үстүртін ашылуы, практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдіктің болмауы	Қойылған сұрақтардың мазмұны мен практикалық маңызының ашылмауы	Сұрақтардың мазмұнымен курстың практикалық маңызының мүлдем талданбауы
	2 критерий	Түпнұсқаларды және философиялық категориалдық аппаратты қолдана отырып, материалды айқын да түсінікті баяндау	Түпнұсқалар мен философиялық категориалдық аппараттың жеткіліксіз қамтылуы	Жауаптарда түпнұсқаларды, философиялық категориалдық аппаратты нақты қолданбау	Түпнұсқалар, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер, философиялық категориалдық аппарат нашар пайдаланылған	Ешқандай түпнұсқаның, талдау материалдары мен құралдарының қолданылмауы
3 сұрақ	1 критерий	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын анық жеткізу, ғылыми сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау	Өзіндік пікірдің жеткілікті айқын болмауы, ғылыми тіл нормаларын сақтауда кемшіліктердің болуы	Қойылған сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын нақты жеткізе білмеу	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасты дәлелдей алмау, ғылыми тілді қолданбау	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарастың болмауы, ғылыми философиялық аппаратты мүлдем қолданбау
	2 критерий	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде аздаған кемшіліктердің болуы	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде кішігірім кемшіліктердің болуы	Қарастырылып отырған мәселелерді үстіртін талдау	Сұрақтарды талдау дағдысының мүлдем болмауы	Тапсырманы орындамау, емтихан ережелерін бұзу

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1+% 2+% 3+% 4+% 5+% 6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				

2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6 \text{ критерийлер} =$ $71,5 \text{ Қорытынды балл в}$ $\% = 72$

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы», 72 балға бағаланатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН

- 1.Энтони Кенни.Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 408 б.
- 2.Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау.-Алматы, 2000.-180б.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975. 304 с.
4. Франк С.Л. Душа человека. Опыт введения в философскую психологию. М., 1917.

Қосымша:

5. Фромм Э. Душа человека / пер. с англ. М.: АСТ; Транзиткнига, 2004. 572 с.
6. Марьясова Н. В. Духовность в контексте психологического анализа (личностный аспект): дис. ... канд. психол. наук: 19.00.01. Хабаровск, 2004. 157 с.
- 7 Духовность [Электронный ресурс]. URL : <http://ru.wikipedia.org>.
- 8 Леонтьев, Д. А. Духовность [Электронный ресурс] / Д. А. Леонтьев, А. В. Петровский. URL : <http://slovarLYandex.ru>.

Интернет ресурстар:

- Библиотека сайта philosophy.ru: <http://www.philosophy.ru/>
- Библиотека философского факультета МГУ: <http://philos.msu.ru/>
«Открытый университет Казахстана» - <https://openu.kz>.
- Библиотека сайта philosophy.ru: <http://www.philosophy.ru/>
- Библиотека философского факультета МГУ: <http://philos.msu.ru/>
«Открытый университет Казахстана» - <https://openu.kz>